

**«ЭЛЕКТР ЖЕЛІЛЕРІН БАСҚАРУ  
ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН  
КОМПАНИЯСЫ» «KEGOC»  
(KAZAKHSTAN ELECTRICITY GRID  
OPERATING COMPANY) АҚ**



**АО «КАЗАХСТАНСКАЯ КОМПАНИЯ  
ПО УПРАВЛЕНИЮ  
ЭЛЕКТРИЧЕСКИМИ СЕТЯМИ»  
(KAZAKHSTAN ELECTRICITY GRID  
OPERATING COMPANY) «KEGOC»**

Z00T2D0, Қазақстан Республикасы  
Астана қ. Тәуелсіздік даңғылы, 59 ғимарат  
Тел.: (7172) 693-824, 690-568, 690-243  
E-mail: kegoc@kegoc.kz

Z00T2D0, Республика Казахстан,  
г. Астана, проспект Тәуелсіздік, здание 59  
Тел.: (7172) 693-824, 690-568, 690-243  
E-mail: kegoc@kegoc.kz

## **Хабарлама**

### **«KEGOC» АҚ жалпы көлемі 16,9 млрд. теңге болатын «жасыл» облигацияларын орналастырды**

2023 жылғы 30 наурызда «KEGOC» АҚ «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) сауда алаңында жылына 19,51% өтеуге орташа алынған кірістілікпен жалпы көлемі 16,9 млрд. теңге болатын «жасыл» облигацияларын сәтті орналастырды.

Бағалы қағаздарды өтеу мерзімі 2037 жылға дейінгі «KEGOC» АҚ екінші облигациялық бағдарламасы облигацияларының екінші шығарылымы шеңберінде орналастырылды. Сұраныс пен ұсыныстың арақатынасы 84,8% құрады, бұл инвесторлардың «KEGOC» АҚ-ның «жасыл» облигацияларына деген қызығушылығының артқанын көрсетеді. Инвесторлар – «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ және Еуропалық Қайта Құру және даму банкі (ЕҚДБ).

«Жасыл» облигацияларды шығару шеңберінде «KEGOC» АҚ АХҚО Жасыл қаржы орталығынан (AIFC Green Finance Centre) ICMA жасыл облигациялар қағидаттарына сәйкестік туралы сыртқы бағасын алды (Second Party Opinion).

Бұл қарастырылған қаражат «KEGOC» АҚ филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ-сін реконструкциялау», «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту. Электр желілік объектілерді салу» сынды инвестициялық жобаларды қаржыландыруға бағытталатын болады.

Әуелік электр жеткізу желілерін реконструкциялау электр желілерінің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, электр энергиясын тұтынушылар шығындарының көлемін оңтайландыруға мүмкіндік береді, «KEGOC» АҚ қызметінің тиімділігін арттырады. Бұдан басқа, жаңа электр желілік объектілерді салу есебінен

Қазақстанның Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің Батыс аймағында тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сенімділігі артады.

Сондай-ақ, жобалар маңызды әлеуметтік мәнге ие, яғни құрылыс-монтаждау жұмыстары кезінде қосымша жұмыс орындары құрылатын болады. Бұл өз кезегінде экономиканың нақты секторының дамуына, халықтың жұмыспен қамтылуы мен әлауқатының артуына, бюджеттерге салық аударымдарының ұлғаюына оң әсер етеді.

#### **АНЫҚТАМА ҮШІН:**

*«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің Жүйелік операторы функциясын атқарады, Ұлттық электр торабының (ҰЭТ) активтерін иеленеді және басқарады. Қызметтің негізгі түрлері табиғи монополиялар саласына жатады. Компанияның балансында ҰЭТ-ты құрайтын ұзындығы шамамен 27 000 км болатын, кернеуі 220-1150 кВ электр жеткізу желілері және трансформаторларының белгіленген қуаты 38,99 ГВА болатын 82 қосалқы электр станциясы бар. Компания туралы толық ақпарат оның [www.kegoc.kz](http://www.kegoc.kz) корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылған.*

#### **АО «KEGOC» разместило «зеленые» облигации общим объемом 16,9 млрд. тенге**

30 марта 2023 года состоялось успешное размещение «зеленых» облигаций АО «KEGOC» на торговой площадке АО «Казахстанская фондовая биржа» (KASE) общим объемом 16,9 млрд. тенге со средневзвешенной доходностью к погашению 19,51% годовых.

Ценные бумаги были размещены в рамках второго выпуска облигаций второй облигационной программы АО «KEGOC» сроком погашения до 2037 года. Соотношение спроса к предложению составило 84,8%, что отражает повышенный интерес инвесторов к «зеленым» облигациям АО «KEGOC». Инвесторами выступили АО «Банк Развития Казахстана» и Европейский банк реконструкции и развития (ЕБРР).

В рамках выпуска «зеленых» облигаций АО «KEGOC» получило от Центра зеленых финансов МФЦА (AIFC Green Finance Centre) внешнюю оценку (Second Party Opinion) о соответствии принципам зеленых облигаций ICMA.

Привлеченные средства будут направлены на финансирование инвестиционных проектов «Реконструкция ВЛ-220-500 кВ филиалов АО «KEGOC», «Усиление электрической сети Западной зоны ЕЭС Казахстана. Строительство электросетевых объектов».

Реконструкция воздушных линий электропередачи обеспечит надежное функционирование электрических сетей, позволит оптимизировать объем затрат потребителей электрической энергии, повысит эффективность деятельности АО «KEGOC». Кроме того, за счет строительства новых электросетевых объектов повысится надежность электроснабжения потребителей в Западной зоне Единой электроэнергетической системы Казахстана.

Также, проекты имеют важное социальное значение - на время строительно-монтажных работ будут созданы дополнительные рабочие места. Это в свою очередь позитивно повлияет на развитие реального сектора экономики, повышение занятости и благосостояния населения, увеличение налоговых отчислений в бюджеты.

**СПРАВОЧНО:**

*АО «KEGOC» выполняет функции Системного оператора Единой электроэнергетической системы Республики Казахстан, владеет и управляет активами Национальной электрической сети (НЭС). Основные виды деятельности относятся к сфере естественной монополии. На балансе компании находятся линии электропередачи напряжением 220-1150 кВ протяженностью порядка 27 000 км и 82 электрические подстанции с установленной мощностью трансформаторов 38,99 ГВА, образующие НЭС. Более подробная информация о компании размещена на ее корпоративном Интернет-ресурсе: [www.kegoc.kz](http://www.kegoc.kz).*